



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 007 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 8 сәуір

Ұлттық Банк “Алаш-Банк” ЖАҚ-дағы жағдайларға қатысты мыналарды хабарлайды.

“Алаш-Банк” ЖАҚ-ы банк заңдарында көзделген операцияларды теңгемен және шетел валютасымен жүргізуге 04.06.2001 жылы Ұлттық Банк берген № 112 лицензия негізінде банк қызметін жүзеге асырады.

Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабының талаптарына сәйкес “Алаш-Банк” ЖАҚ-на банктің 92% дауыс беруші акцияларына тікелей иелік ету үлесімен банктік холдинг мәртебесіне ие болуға келісім берді. Осыған орай “Алаш-Банк” ЖАҚ-ның иесі банк басшысына қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылады.

01.03.2003 жылғы жағдай бойынша банк активтері 1 168 611 мың теңге немесе банк жүйесі бойынша жиынтық активтерден 0,10%, міндеттемелер – 86 275 мың теңге болды, бұл барлық банк жүйесінің жиынтық міндеттемелерінен 0,01% болды. Жеке тұлғалардың депозиттері 11 606 мың теңге болды немесе банктің барлық міндеттемелерінен 13% болды, осыған орай “Алаш-Банк” ЖАҚ-ның жеке тұлғалары депозиттерінің үлесі Қазақстан банктерінің жеке тұлғаларының барлық салымдарының 0,005%-і болды. “Алаш-Банк” ЖАҚ жеке тұлғалардың депозиттеріне салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылмайды.

Банк заңдарда белгіленген талаптарды орындамайды.